

**"Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірлескен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде әскерлерді (күштерді) қолдануды бірлесіп жоспарлау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қазандағы N 1074 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірлескен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде әскерлерді (күштерді) қолдануды бірлесіп жоспарлау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

жоба

**Қазақстан Республикасының  
Заңы**

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірлескен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде әскерлерді (күштерді) қолдануды бірлесіп жоспарлау туралы келісімді бекіту туралы**

2004 жылғы 16 қаңтарда Мәскеуде жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірлескен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде әскерлерді (күштерді) қолдануды бірлесіп жоспарлау туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірлескен қауіпсіздігін қамтамасыз**

# ету мүддесінде әскерлерді (күштерді) қолдануды бірлесіп жоспарлау туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы 1992 жылғы 25 мамырдағы шарттың, Ұжымдық қауіпсіздік туралы 1992 жылғы 15 мамырдағы шарттың және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып, ортақ әскери-стратегиялық кеңістік шеңберіндегі бірлескен қорғанысты қамтамасыз ету мәселелерінде күштерді біріктіру мен келісілген іс-қимылдардың қажеттігін м о й ы н д а й о т ы р ы п , т а р а п т а р төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мынаны білдіреді:  
"әскерлердің (күштердің) коалициялық топтары" - біріккен қолбасшылық аясында коалициялық негізде құрылатын және оларды жедел (жедел-стратегиялық) қолдану ниетіне сәйкес өрістетілетін (орналастырылатын) Тараптардың ұлттық қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрамынан бөлінген жауынгерлік әзір әскерлер (күштер) мен құралдар контингенті;

"біріккен қолбасшылық" - әскерлердің (күштердің) коалициялық топтарын әскери б а с қ а р у д ы ң ж о ғ а р ы о р г а ң ы ;

"Тараптардың әскерлерін (күштерін) басқару органдары" - Тараптар әскерлеріне (күштеріне) басшылық жасау мен басқаруды қамтамасыз ету мақсатында құрылған қолбасшылық, штабтар, басқармалар, бөлімдер және басқа да уақытша құрылған о р г а ң д а р ;

"қатерлі кезең" - өңірдегі әскери-саяси жағдайдың және Тараптардың біріне қарсы қандай да бір мемлекет немесе мемлекеттер тобы тарапынан басқыншылық қатердің бірте-бірте немесе күрт шиеленісу кезеңі;

"Тараптар аумағын жедел жабдықтау" - әскерлердің (күштердің) коалициялық топтарын қайта топтастыруды (маневр), шоғырландыру мен жауынгерлік қолдануды, сондай-ақ тұрғындар мен маңызды объектілерді зымыранды-ядролық және атыс зақымдауынан қорғауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау мақсатында Тараптар аумағында өткізілетін іс-шаралар жүйесі.

## 2-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін Тараптардың уәкілетті органдары мыналар болып т а б ы л а д ы :

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі";  
Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі.

### **3-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары әскери-саяси жағдайды бірлесіп талдайды және олардың жалпы мәні негізінде әскерлердің (күштердің) коалициялық топтарының құрамын айқындайды және әрбір Тараптың заңнамасына сәйкес оның қолданылуын ж о с п а р л а й д ы .

Бірлескен қолбасшылық құру жөніндегі құжаттардың жобасын дайындау Тараптардың уәкілетті органдарының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

### **4-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары әскерлерді (күштерді) қолдануды бірлесіп жоспарлау жөніндегі құжаттар тізбесін, осы құжаттарды бейбіт уақытта және қатерлі кезеңде күшіне енгізу кезектілігі мен мерзімін, сондай-ақ оларды әзірлеу тәртібін к е л і с е д і .

Әзірленген құжаттарды өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі мен Ресей Федерациясының Қорғаныс министрі қарайды және бекітеді.

### **5-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары бірлесіп:

өзара іс-қимылды, байланысты және әскерлердің (күштердің) коалициялық топтарының құрамына енгізу үшін бөлінген әскерлерді бейбіт уақытта және қатерлі кезеңде жасырын басқаруы ұйымдастыру мен жүзеге асыру қағидаттарын әзірлейді;

бірлескен іс-қимылдарына арналған Тараптардың қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін қолдаудың жалпы қағидаттарын әзірлейді;

Тараптардың қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бейбіт уақыттан соғыс уақытына ауысу тәртібін әзірлейді;

әскерлерді (күштерді) бірлесіп қолдануды жетілдіру жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізеді.

### **6-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары бірлескен қорғаныс міндеттерін шешу мақсатында Тараптар әскерлерінің (күштерінің), барлауды және қаруды автоматтандырылған басқару жүйелерінің, басқару органдары есептеу орталықтарының ақпараттық сыйымдылығын қамтамасыз ету жөнінде, сондай-ақ операциялар (жауынгерлік іс-қимылдар) мен жедел-тактикалық міндеттердің математикалық үлгілерін әзірлеуді қамтамасыз ету жөнінде келісілген жұмыстар жүргізеді.

Тараптардың уәкілетті органдары әскерлердің (күштердің) коалициялық топтарының бірлескен қолбасшылық органдарын даярлауда және олардың басқару пункттерін жарақтандыруда бір-біріне көмек көрсетеді.

### **7-бап**

Тараптардың уәкілетті органдарының бірлескен қорғаныс міндеттерін шешу мақсатында әскерлерді (күштерді) жедел даярлау жөніндегі бірлескен іс-шараларды жоспарлау мен өткізу олардың арасындағы жеке келісім негізінде жүзеге асырылатын болады.

### **8-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары әскерлердің (күштердің) коалициялық топтарының құрамына енгізу үшін бөлу болжанып отырған әскерлерді басқару жөніндегі жоспарларды бірлесіп әзірлейді, сондай-ақ жедел мәселелер және көрсетілген әскерлердің (күштердің) жауынгерлік іс-қимылдарын қамтамасыз етудің барлық түрлері бойынша әдістемелік құжаттармен өзара алмасуды жүзеге асырады.

### **9-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары Тараптар аумағын жедел жабдықтау жөніндегі келісілген іс-шараларды жоспарлайды және жүргізеді, әскери инфрақұрылымның объектілерін пайдалану және дамыту, сондай-ақ бірлескен қорғаныс мүддесінде әрекет ететін әскерлердің (күштердің) коалициялық топтары үшін материалдық құралдар қорын жинақтау тәртібін айқындайды.

### **10-бап**

Құпия ақпаратты және әрбір Тараптың заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияға жататын мәліметтерді құрайтын ақпаратты өзара алмасу, сондай-ақ осы ақпаратты қорғау тәртібі жеке келісіммен айқындалады.

Бір Тарап екінші Тараптан алған ақпарат, техникалық құралдар, жабдықтар мен материалдар тек осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылады және олар алынған Тараптың жазбаша келісімінсіз қандай да бір мемлекетке берілмейді.

## **11-бап**

Әскерлерді (күштерді) бірлесіп қолданудың жоспарын әзірлеу кезінде Тараптардың уәкілетті органдары жедел қамтамасыз етуден басқа, тылдық, техникалық, қаржылық және басқа да қамтамасыз ету түрлерін әскерлердің (күштердің) коалициялық топтарының құрамына бөлінген өз әскерлерінің (күштерінің) мүддесінде әрбір Тараптың құзыретті органдары жүзеге асыратындығына сүйенеді.

Тараптардың уәкілетті органдары өткізетін бірлескен іс-шараларды қаржыландыру жеке Келісім негізінде жүзеге асырылады.

## **12-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешетін болады.

## **13-бап**

Осы Келісім қандай да бір мемлекетке қарсы бағытталмаған және Тараптар олар қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

## **14-бап**

Осы Келісім аталған Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекет ішіндегі рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енеді.

Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірі тиісті кезеңнің аяқталуына дейін кемінде алты ай бұрын оның күшін тоқтату жөніндегі өзінің ниеті туралы басқа Тарапты жазбаша түрде хабарландырмаса, автоматты түрде келесі бес жылдық кезеңге ұзартылады.

Мәскеу қаласында 2004 жылғы 16 қаңтарда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де бірдей күші бар. Осы Келісімді түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін пайдаланылатын болады.

*Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК